

ISSN 2310-3353



«А. БАЙТҰРСЫНОВ  
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК  
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



# ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ  
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 2  
2023



PUBLISHINGS

K S P I



Қ М П И  
ЖАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

К Г П И

2023 ж., сәуір, №2 (70)  
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады  
Жылына төрт рет шығады

Құрылтайшы: *А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті*

**Бас редактор:** *Қуанышбаев С. Б.*, география ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынов атын. ҚӨУ, Қазақстан

**Бас редактордың орынбасары:** *Жарлығасов Ж.Б.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынов атын. ҚӨУ, Қазақстан

#### РЕЦЕНЗЕНТТЕР

*Бережнова Е.В.*, педагогика ғылымдарының докторы, ММХҚИ СИМ, Мәскеу қ., Ресей

*Жаксылыкова К.Б.*, педагогика ғылымдарының докторы, Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің профессоры, Қазақстан

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

*Амирова Б.А.*, психология ғылымдарының докторы, Е.А. Букетов атын. ҚарМУ, Қазақстан

*Благодарумная О.Н.*, экономика ғылымдарының кандидаты, Молдова Халықаралық Тәуелсіз Университетінің доценті, Молдова

*Доман Э.*, лингвистикалық ғылымдар докторы, Макао университеті, Сидней, Австралия

*Елагина В.С.*, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ООМГПУ, Ресей

*Жилбаев Ж.О.*, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы президенті, Қазақстан

*Кайе Ж.*, философия ғылымдарының докторы, Виа Домисия Университетінің профессоры, Перпиньян қ., Франция

*Катцнер Т.*, Батыс Вирджиния Университетінің профессоры, PhD докторы, АҚШ, Батыс Вирджиния

*Кульгильдинова Т.А.*, педагогика ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ-нің профессоры, Қазақстан

*Марилена Сантана дос Сантос Гарсия*, лингвистикалық ғылымдар докторы, Сан-Паулу Папа католик университеті, Бразилия

*Монова-Желева М.*, PhD докторы, Бургас еркін университетінің профессоры, Болгария

*Чаба Толгизи*, Венгрияның Сегед Университеті экология кафедрасының ғылыми қызметкері, Венгрия

Тіркеу туралы куәлік №5452-Ж

Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен 17.09.2004 берілген.

Мерзімді баспа басылымын қайта есепке алу 29.03.2021 ж.

Жазылу бойынша индексі 74081

#### Редакцияның мекен-жайы:

110000, Қостанай қ., Тәуелсіздік к., 118

(Ғылым және коммерциализация басқармасы)

Тел. (7142) 54-58-74 (160)

© А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

ӘОЖ 811.512.122

**Бекбосынова, А.Х.,**  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
**Жумабаева, А.А.,**  
«БВ01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
оқу бағдарламасының 2 курс студенті  
А.Байтұрсынов атындағы  
Қостанай өңірлік университеті,  
Ө.Сұлтанғазин атындағы  
педагогикалық институты  
Қостанай қ., Қазақстан

## АҚТАМБЕРДІ ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІГІ

### Түйін

Мақалада XVIII ғасырдың көрнекті қоғам қайраткері, жырауы, батыры Ақтамберді Сарыұлының толғауларына лингвистикалық талдау жүргізілді. Ақтамберді шығармалары тіліндегі көріктеу құралдарының бірі-теңеудің қолданылу ерекшелігі қарастырылған. Аталмыш мақалада қазақ тіліндегі теңеудің лингвистикалық болмысын ашып, оның жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін жан-жақты қарастырып зерттеген – ғалым Т. Қоңыровтың «Қазақ теңеулері» еңбегі негізге алынып, зерттеу жүргізілді.

**Кілт сөздер:** Ақтамберді, жырау, теңеу, талдау, толғау.

### 1 Кіріспе

Ақтамберді Сарыұлы – қазақтың көне жыраулық эпосының белді өкілдерінің бірі, XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақ әскерінің құрамында қол бастап, талай қан майданда теңдессіз ерлік көрсеткен көрнекті тарихи тұлға. Көне дәуірдегі қазақ әдебиетін зерттеуде өзіндік орны бар белгілі әдебиетші-ғалым, жазушы Мұхтар Мағауин «Ақтамберді жырау» атты мақаласында Ақтамберді Сарыұлының 1675 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Қаратау бойында дүниеге келіп, 1768 жылы 93 жасында өмірден өткені, ал оның денесі бұрынғы Семей облысы Абай ауданының Құндызды ауылындағы Жүрекадыр жотасында жерленгені туралы жазады. Бүгінде батыр бабамыздың мазары басына ұрпақтары жиі барып, зиярат етіп тұрады [1, 28].

«Тауарих Хамсаның» айтуынша, Ақтамберді айттарымен күрес дәуірінде қазақ халқының басында жүрген ерлердің бірі. Ол атақты Қара Керей Қабанбаймен бірге Шайманның рубасы көсемі, әскербасы батыры. Сонымен қатар Ақтамберді жортуыл жыршысы, әулетті жырау да болған [2, 76].

Ақтамберді жырау, бір жағы жастай жақындарынан көрген қорлығы бар, екінші жағынан, көшпенді елдің кеудесінде намысы мол азаматын қазандай қайнаған қанды қасапты тірлігінде ер болып еңіренгендердің сапында болуын талап ететін тәртібімен, халқы сыйлайтын көрнекті перзентіне айналуы жастай армандап өседі. Бұл – атақты азаматтың «жасым жетіп он беске, кірер ме екем кеңеске», – деп өзі айтқандай, әлі он бес жасқа жетпей тұрған кезіндегі арман еткен тілек-мүддесі. Жырау сол арманына кейін жетеді. Жауды да қашырады. Атасы басқа қалмақтарды да бостырған, «әлпештеген ханшасын, ат артына мінгізіп» ежелгі жауларынан кек алған сәттерді де көзімен көреді, өзі сол жорықтардың белгілі қаһарманына айналады. Дәулетті де болады, әулетті де болады. «Шығыршығы торғай көз, сауыт киер ме екембіз?!» – деп, арман еткен тілегі де орындалады. Ал, сол армандарының ең бастысы жауды жеңіп, елдің еңсесін көтеру [3, 110].

Ақтамберді жарлылық пен жалғыздықтың тауқыметін көп көргенге ұқсайды, адамдыққа, адалдыққа, әділетке жүгінеді. Ауыз толтырып айтар байлығы болмағанын өзі жасырмайды. Тұрмыстың қыр-сырын, от басы, елдік, жерлік мәселелерін жырларында жақсы көрсетеді. Жырау ақиқатты айтудан тайсалмайды, шындық, туралы шымыр шешендік сөздерді түйдек-түйдегімен тастайды. Бәрі де сол тұстың ауыр тұрмысынан, күрес шындығынан алынған тартымды тирадалар. Жырау баққа да, таққа да таласпайды, көкірек көзі халық даналығымен суарылған. Ақтамберді, асылы, қысқа нақлият сөздерінің шебері болса керек. Көңіліне түйгенін, піскен ойын шашыратпай, шиыршық атқан күйінде айтып кете берген. Эпикалық кең тынысты туындылары да болуы мүмкін. Бірақ қолымызға әлі қомақты дүниелері түсе қойған жоқ [4, 374].

## 2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақалада әдебиеттің теориялық талдау әдісі қолданылды. Бүгінде Ақтамберді жыраудың 26 туындысы белгілі. Жыраудың толғауларында ең актив қолданылған көркемдік құралдың бірі – теңеулер. Жазушының толғауларында қолданылған теңеулердің ерекшеліктері әдеби сипаты жағынан талданды. Қажетті материалдар жинақталып, мақала жазуда бір жүйеге келтірілді.

## 3,4 Нәтижелер мен талқылаулар

Ақтамберді мұрасынан бізге жеткені санаулы ғана. Кейбір әңгімесін өлеңмен, толғаумен түйдектеткен жыраудың теңіз жырларының тамшыдайы ғана. Соған қарамастан да, Ақтамбердінің аты қазақтың жыраулар поэзиясынан орын алуы үшін осының өзі де жетіп жатыр.

Ақтамберді толғаулары туралы сөз қозғасақ, ақынның толғаулары – шолу шеңберімен шектеуге көнбейтін, дара монографиялар мен іргелі зерттеу еңбектерін талап ететін орасан бай дүние. Туындылары – моральдық-этикалық сарындағы ғибратты толғаулар. Ерлік пен бірлікті, ұлттық дәстүрлерді қуаттау, адамгершілікке уағыздау, жауынгерлік рухты ояту – Ақтамберді өлеңдерінің негізгі өзегі мен арқауы. Сонымен қатар, көшпендіге тән ерлік пен рух сінген жырлардан бір ғажабы тірі Ақтамбердінің өз бейнесі де қосарлана көрініп тұрады...

От басар орны *отаудай*,  
Қабырғасы халық орнаған *жонсаудай*  
Ор *қояндай* қабақты,  
Қиған қамыс құлақты,  
Сары *мысықтай* азулы,  
*Саптыаяқтай* ерінді,  
Қидасын кәрі жілікті,  
Омырауы *есіктей*,  
Ойынды еті *бесіктей*,  
Табаны жалпақ тарланды  
Таңбалап мінер ме екеміз?!

(«От басар орны отаудай» 1, 282).

Ақтамбердінің осы өлеңінен көретініміз, оның көріктеуші құралы – көркемдік, күрделі теңеулерінің кереметтілігі. Қазақ тіл білімінде теңеулерді арнайы зерттеген ғалым Т.Қоңыров. Ол қазақ теңеулерін жан-жақты қарастыра келіп, «теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілерінің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [5, 7] – деп ғылыми анықтама береді.

А.Х.Бекбосынова «С. Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу» атты еңбегінде теңеулерді тілдік-танымдық тұрғыдан зерттеп, теңеуге мынадай баға берген болатын: «Көркемдік танымның аса қуатты құралдарының бірі – көркем әдебиетті теңеулерсіз көз алдымызға елестету еш мүмкін емес. Суреткер тіліндегі теңеулер әлемі оның поэтикалық тілі арқылы

көрінетін дүниетанымын көрсетеді. Теңеу – таным көзі. Салыстыру, ұқсату, теңеу арқылы таным үдерісі арта түседі. Теңеу – адамның бейнелі ойлауының, әлемді бейнелей тануының және қоршаған дүниені көркем қабылдауының нәтижесінде қалыптасады» [6, 5].

Мұндағы теңеулер ақынның өз өмір шындығын, оның бар болмысын сырлы сөзбен бейнелеп, көркем тілмен танытады. Бұл теңеулер айшықтылығымен, сұлу суретімен мәңгі жасайды.

Ақтамбердінің толғауларының көпшілігі азаматтықты, ерлікті, жауынгерлікті, батырлықты дәріптеуге арналған. Сондықтан ақын өз туындыларында халықтық эпостардағы қалыптасқан жыр дәстүрін пайдалана отырып, бұларды өз таным-таразысынан өткізеді, өзгерістерге түсіреді. Сөйтіп, халықтық поэзияда бұрыннан қолданылып келген бейнелі сөздердің, соның ішінде теңеулердің көркемдік қуатын арттырып, жандандыра түскен. Мәселен, ақын өз бейнесін, болмысын танытып, халық поэзиясында бұрын-соңды қолданылмаған авторлық теңеулермен бірге қалыптасқан этномаркерлі теңеулерді де үйлестіре шебер қолданған. Қазақ мәдениетін таңбалайтын этномаркерлік бірліктер туралы А. Әмірбекова: «Ұлттың, этностың жеке ерекшелігін, өзге ұлттардан айырмашылығын, өзгешелігін танытатын тілдік бірліктердің бірі – этномаркерленген лексемалар. Жалпы лингвомәдениеттану саласында ұлттық мәдениетті таңбалайтын бірліктер ретінде ұлттық-мәдени концептілерді, лингвокультуремаларды (лингвомәдени бірліктер) келтіретін болса, этнолингвистика саласында жеке бір ғана ұлтқа тән ерекшеліктерді бейнелейтін ұғымдарды этнографизмдер деп атайтыны белгілі. Дегенмен, осы екі саладағы лингвокультурама, этнографизмдер мен одан туындайтын тұрақты тіркестердің деңгейге жеткен таңбалардан бастау алады» [7, 89] – деген ой тұжырымдайды.

От басар орны *отаудай*,

Қабырғасы халық орнаған *жонсаудай*.

(«От басар орны отаудай» 1, 282).

Өлең жолдарында теңеу образы болып тұрған сөздер – *отау*, *жонсау*. Отау – үлкен шаңыраққа арналып тұрғызылған үй, ал жонсау деген қара отты, қыста мал отарлауға қолайлы жер. Халық тіліндегі байырғы бұл атаулар жыраулардың қолданысында кездеседі. Мұндағы қоныс кең өрісті, құнарлы жайылымды жерді Ақтамбердінің болмысына теңеп тұр. Себебі сол ғасырларда жыраудың образын ашу үшін оны халық қабырғалы қалың елдің құт мекені біледі деп, ұқсатып тұр.

Жырау өлеңдерінде тұрмысымызда ертеден қолданылған үй жабдықтары атаулары да теңеу образын жасауға негіз болған:

Омырауы *есіктей*,

Ойынды еті *бесіктей*.

(«От басар орны отаудай» 1, 282).

Өлең жолдарында теңеу образы болып тұрған сөз – *бесік*. Бесік – ғасырлар бойы ұлтымыз тал бесікті қасиетті мүлік санап келді. Ол қазақы тәлім-тәрбиенің қайнар көзі болды. Ұлтымыздың өсіп-өнуінің басты кілті де тал бесік. «Бесіктегі бала бес түйлейді» деген халқымыз, бесіктегі нәрестенің көп өзгеріп, тез өсіп жетілетінін білген. Дегенмен де, бұл өлең жолдарында «ойынды еті» деген тіркес қолданылып, көкірегі мен алдыңғы екі аяғының арасындағы дене бітімін суреттеп, сомдап тұр. Жыраудың бейнесін астарлап жеткізу үшін, көкірегін бесікке теңеп тұр. Ал жоғарыда айтылғандай, бесік – қасиетті, киелі, құтты мүлік.

Келесі тілдік талдауға түсетін теңеудің түрі – гиперболалық теңеу. Гипербола теңеулік құрылымдар құрамына енгенде оның мағынасы толық сақталып, барынша бейнелілік қасиеті күшейе түседі. Бұл амал-тәсілдер суреткердің тілі мен стиліне бояу қосып, сөздегі суретті барынша түрлендіреді. Ғалым Т. Қоңыров: «... гиперболалық теңеулердің эмоционалды-экспрессивті әсері орасан күшті болады да, олар тым жаман немесе өте әдемі деген ұғымдарды өзгеше өрнекпен, әсермен бейнелеп беру үшін қолданылады» [5, 52] деп айтқан болатын.



«Омырауы есіктей», ойсурет құрылымында танылып тұрған гиперболалық теңеу. Асырып айтуды ақын өте орынды қолданады. «Омырауы есіктей» дегені бойы ұзын, екі иіні жалпақ деп автордың бейнесін сомдап тұр.

Ағайының көп болса,  
Ұлы шерік қолмен тең.  
Білімді туған жақсылар,  
Аз да болса көппен тең.  
Жақсысы кеткен ауылдың,  
Артынан жақсы шықпаса,  
Өртеніп кеткен жермен тең.

Қайырлы болса баяжан,  
Дария шалқар көлмен тең.  
Қайырсыз болса жаман бай,  
Ел қонбаған шөлмен тең,  
Мінезді болса жолдасың,  
Күнде сонар қызбен тең.  
Жаман болса жолдасың,  
Астыңнан өткен сызбен тең.

(«Ағайының көп болса» 1, 288).

Келесі қарастырылатын теңеулер синтаксистік тәсіл арқылы жасалған. Синтаксистік теңеу тәсілінде толық мағыналы сөздер қатысады. Мұндай сөздер қатарына «ұқсау», «тең» салыстыру мағынасындағы сөздер жатады.

Синтаксистік тәсіл арқылы жасалынған теңеу – «қолмен тең». Егерде ағайын-туыстарын көп болса, олардың қолдауы, күші ұлы әскермен тең деп салыстырып тұр. Аталған «шерік» сөзі тілдік деректерге қарасақ, көне түркі жазуларында да (Оғыз нама, Құтты білік, Диуани лұғат ат түрік т.б.) «әскер» мағынасында кездеседі және көптеген түркі тілдерінде дәл осы мағынада қолданылады. Мысалы, ұйғыр тілінде черик – қолбасшы, жауынгер, монғол тілінде *церік* – әскер.

Келесі қарастырылатын теңеулер – «көлмен тең», «шөлмен тең». Автор «Қайырлы болса баяжан айдын шалқар көлмен тең, қайырсыз болса жаман бай тартылып қалған шөлмен тең» деген екен. Осы сөздердің мәніне тереңірек үңілсек, күрделі мәселені көтеріп жатқанын байқаймыз. Кейбір адамдар байлықты менікі деп түсінеді. Шындыққа тура қарасақ, ол Алла Тағаланыкі. Сондықтан жиған мал-мүлкін өз басына ғана жұмсауға болмайды. Байлықты жиғанда қайыр үшін жинау керек. Байлықтың екі түрі бар. Біріншісі – материалдық, екіншісі – адамның пейілінің байлығы. Қазақайтады «Малымды алсаң, ал Құдай! Пейілімді алма!» деп. Байлар бізде көп, бірақ олардың пейілдері тар болғаннан кейін халыққа еш пайдасы жоқ. Осы себептен де қазір байлар туралы халық арасында жағымсыз пікір қалыптасқаны айдан анық.

Синтаксистік тәсіл арқылы жасалынған теңеулер – *сонар қызбен тең, астыңнан өткен сызбен тең*. «Мінезді болса жолдасың, күнде сонар қызбен тең. Жаман болса жолдасың, астыңнан өткен сызбен тең» – деген өлең жолдарында Ақтамберді жырау жақсы жолдасты «күнде сонар қызға», жаман жолдасты «астыңнан өткен сызға» теңеп тұр. Сонар деген жаңа жауған, аязға ілігіп қата қоймаған қар. Сол жаңа жауған қарды ары таза, тұрмыс құрмаған қызға теңеп тұр.

## 5 Қорытынды

Түйіндей келгенде, Ақтамберді көркемдеудің ең бір көп тараған түрі – теңеуді көріктеу құралы ретінде қолданған. Ақын бұл тәсілді өмір шындығына сәйкес келетіндей етіп қолданудың үлгісін көрсетті. Сол арқылы теңеу тек сипатталып, аталып қана қоймай образды түрде көз алдымызға елестейді. Сондықтан да, ақын поэзиясының көркемдігінің бір сыры- теңеулердің қолданысы болып табылады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Ақсауытты Ақтамберді: зерттеулер, деректер, мұралар (құрастырған Ә.Ысқақ)/ – Астана: Фолиант, 2011. – 408 б.
2. М.Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі» Алматы, 1995. – 206 б.
3. Ж.Тілепов «Ел мүддесі – ерлер еншісі» – 2 том. – Алматы: «Дәуір-кітап» баспасы, 2017. – 384 б.
4. «Қазақ әдебиетінің тарихы» 3 том Алматы: Ғылым, 2000. – 568 б.
5. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1978. – 192 б.
6. Бекбосынова А.Х., Сырбай Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу. – Қостанай. ЖШС. «Центрум», 2014. – 152 б.
7. Әмірбекова А.Б. «Қазақ мәдениетін таңбалайтын этномаркерлік бірліктердің қалыптасуы// Тілтаным» – Алматы, 2009. – №3 (35). – 88-92 б.

**БЕКБОСЫНОВА, А.Х., ЖУМАБАЕВА, А.А.**

#### **СПЕЦИФИКА ПРИМЕНЕНИЯ СРАВНЕНИЙ В СТИХОТВОРЕНИИ АКТАМБЕРДЫ**

*В статье проведен лингвистический анализ высказываний видного общественного деятеля, жырау, героя XVIII века Ақтамберды Сарыулы. Одним из средств выразительности на языке произведений Ақтамберды является специфика применения сравнения. В данной статье было проведено исследование «Казахские сравнения» ученого Т. Конырова, которое раскрыло лингвистический вид сравнения и всесторонне изучило способы его создания и синтаксическую структуру.*

**Ключевые слова:** Ақтамберды, жырау, сравнение, разбирать, стихотворении.

**BEKBOSYNOVA, A.H., ZHUMABAeva, A.A.**

#### **THE SPECIFICS OF THE USE OF COMPARISONS IN THE POEM AKTAMBERDY**

*In the article the linguistic analysis of the statements of a prominent public figure, zhyrau, the hero of the 18th century Aktamberdy Saryuly is carried out. One of the means of expression in the language of Aktamberdy's works is the specificity of comparison application. In this article the study "Kazakh comparisons" by the scholar T. Konyrov was carried out, which revealed the linguistic type of comparison and comprehensively studied the ways of its creation and syntactic structure.*

**Key words:** Aktamberdy, zhyrau, comparison, parsing, poem.

## ӘОЖ 428

**Безаубекова, А.Д.,**

филология ғылымдарының кандидаты

А. Байтұрсынов атындағы

Қостанай өңірлік университеті,

Қостанай, Қазақстан

**Бейбітова, Н.Б.,**

1 КЯЛ-22-112-10(3) «Қазақ тілі және

әдебиеті» факультет студенті

А. Байтұрсынов атындағы

Қостанай өңірлік университеті,

Қостанай, Қазақстан

## **ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНДАҒЫ ЕМЛЕ ҰСТАНЫМЫНТАНДАУ ҚАҒИДАТЫ (Байтұрсын принципі)**

### **Түйін**

*А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің өзге салаларындағы еңбегі бір төбе болса, әліпби, жазу теориясы, емле жайындағы еңбегі бір төбе. Мақалада емлені әлді және әлсіз позицияға қойып тексеру әдістері арқылы негіздейтін бүгінгі орыс жазу нормасына талдау жасау және қазақ тілі емлесінің негізгі ережелері туралы ғалымдардың пікірлері талқыланады.*

**Кілт сөздер:** емле, принцип, үндесім, фонема, позиция, жазба тіл, ауызуша тіл.